

## Саяси партиялар туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 2 шілде N 16-І. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.07.15. N 344 Заңымен. ~Z020344

Осы Заң саяси партиялар құрудың құқықтық негіздерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, қызметінің кепілдіктерін белгілейді, саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастарын реттейді.

1-тaraу

Жалпы ережелер

1-бап. Саяси партия ұғымы

Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру ісіне өз өкілдері арқылы қатысу жолымен өздерінің саяси еркін анықтауға және білдіруге жәрдемдесетін ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады.

2-бап. Саяси партиялар туралы зандар

Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы зандары Қазақстан Республикасының Конституциясында негізделеді. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінен тұрады.

3-бап. Саяси партияларға бірігу құқығы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси партияларға еркін бірігуге  
құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматы бір саяси партияның ғана мүшесі бола алады.

3. Саяси партияға мүшелік Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды.

4. Әркім өзінің қандай партияға жататынын көрсетуге немесе көрсетпеуге

## Қ А Қ Ы Л Ы .

### 4-бап. Мемлекет және саяси партиялар

1. Мемлекет саяси партиялардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттің саяси партиялар істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейді. Сондай-ақ саяси партияларға мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге, саяси партияларды мемлекеттің қаржыландыруына да жол берілмейді.

3. Азаматтардан кез келген нысанда, соның ішінде ресми құжаттарда қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады.

4. Парламент депутаттарының, Үкімет мүшелерінің саяси партиялардағы ақы төленетін қызметтерді атқаруға құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік қызметшілер өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде заңдардың талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялар мен олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмайды.

6. Саяси партиялардың аппараттарында жұмыс істейтін адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сақтандыру туралы заңдары қолданылады.

### 5-бап. Саяси партиялар құрудың және оның қызметінің негіздері

1. Саяси партиялар заң алдында тең болады.

2. Саяси партиялар өз мүшелерінің еріктілігі мен тең құқықтылығы, есеп берушілік, жариялыштық пен заңдылық, өзін өзі басқару мен өзін өзі қаржыландыру негізінде құрылып, жұмыс істейді.

3. Саяси партиялардың ұйымдық құрылымы аумақтық принцип бойынша құралады.

4. Саяси партияның басшы органдары Қазақстан Республикасы аумағында болуға тиіс.

5. Саяси партиялар қоғамның саяси өміріне қатысу, Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси еркін қалыптастыру мен іске асыру және белгіленген тәртіпте мемлекеттік өкімет билігі органдарын құруға қатысу үшін құрылады.

6. Қазақстан Республикасы аумағында басқа мемлекеттердің саяси партияларының, діни негіздегі партиялардың, сондай-ақ тіркелмеген саяси партиялардың қызметіне жол берілмейді.

7. Мақсаттары немесе іс-әрекеттері конституциялық құрылышты күштеп езгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға, мемлекеттің

қауіпсіздігін әлсіретуге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни тектік-топтық және рулық араздықты өршітуге бағытталған саяси партиялар құруға және олардың қызметіне

тыйым

салынады.

## 8. Мемлекеттік органдарда саяси партиялардың үйымдарын құруға

жол берілмейді.

9. Әскерилендірілген саяси партиялар құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

10. Оқу орындарының оқу процесінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді.

2-тaraу

## САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫ ҚҰРУ, ҚАЙТА ҮЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

6-бап. Саяси партияны құру

1. Саяси партия, партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, саны кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасымен құрылады. Құрылтай съезін (конференциясын) әзірлеу және өткізу үшін үйымдастыру комитеті құрылуы мүмкін.

2. Құрылтай съезінде (конференциясында) саяси партияны құру, оның атауы, жарғысы, бағдарламасы туралы шешімдер қабылданып, оның басшы органдары

құрылады.

7-бап. Саяси партияның атауы және нышандары

1. Саяси партияның толық және қысқартылған атауы мен оның нышандары мемлекеттік органдардың, үйымдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген басқа да қоғамдық бірлестіктердің атаулары мен нышандарынан айрықша болуға тиіс.

2. Саяси партиялардың Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің мемлекеттік нышандарын өз нышандары ретінде пайдалануға құқығы жоқ.

3. Саяси партиялар эмблемаларды, жалауларды, гимндерді, вымпелдерді, омыраубелгілерді және басқа ерекше белгілерді нышандар ретінде пайдалануға құрылады.

4. Саяси партиялардың нышандары осы Заның 5-бабының 7-тармағында аталған мақсаттарды насихаттауға қызмет етпеуге тиіс.

5. Саяси партия нышандарының сипаттамасы мен нобайлары жарғыда

## 8-бап. Саяси партияға мүшелік

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматы саяси партияның мүшесі бола алады.

2. Саяси партияларға шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың мүшелігіне, сондай-ақ ұжымдық мүшелікке жол берілмейді.

3. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар саяси партияларда болмауға, қандай да бір саяси партияға қолдау көрсетпеуге тиіс.

4. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде өзінің саяси партиядағы қызметін тоқтата тұрады.

5. Мүшелікке ие болу және одан айрылу шарттары, тәртібі, сондай-ақ партия мүшелірінің құқықтары мен міндеттері саяси партияның жарғысымен белгіленеді

## 9-бап. Саяси партияның жарғысы

Саяси партияның жарғысында қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарда көзделген мәліметтерден басқа, саяси партияның бақылау органдары, құзыреті және оларды құру тәртібі туралы ережелер болуға тиіс.

## 10-бап. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу

1. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

2. Саяси партиялардың құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

3. Саяси партияларды тіркеу мен қайта тіркеу, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) есептік тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімдерде жүзеге асырылады.

4. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу үшін олардың құрамында Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамынан өкілдік ететін кемінде үш мыйн азамат болуға тиіс.

5. Саяси партияны тіркеу үшін тіркеуші органға "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілген құжаттар, партияның бағдарламасы мен саяси партия мүшелерінің тізімі табыс етіледі.

6. Мемлекеттік тіркеу мерзімі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарда көзделген негіздер бойынша тоқтатылады.

11-бап. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту

Саяси партияларды, олардың құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) тіркеуден Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін. Тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

12-бап. Саяси партиялардың қызметін тоқтата тұру

Саяси партиялардың қызметі қоғамдық бірлестіктер туралы заң актілерінде белгіленген тәртіп бойынша тоқтатыла тұрады.

13-бап. Саяси партияны қайта ұйымдастыру және тарату

1. Саяси партияны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және саяси партияның жарғысында көзделген тәртіппен оның жоғары органының шешімі бойынша жүргізіледі.

2. Қайта ұйымдастырудан кейін жаңадан құрылған саяси партияларды

тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Саяси партия:

- а) оның жоғары органының шешімі бойынша;
- б) соттың шешімі бойынша таратылады.

4. Саяси партияны таратуды саяси партияның жоғары органы немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен сот тағайындастырылады.

3-тарау

### САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

14-бап. Саяси партиялардың құқықтары мен міндеттері

1. Саяси партиялар жарғы мен бағдарламада айқындалған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:  
а) өз қызметі туралы ақпаратты таратуға және өздерінің мақсаттары мен

м індettерін

на сихатауға;

б) қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына ерікті негіздерде бірігүре;

в) Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар ұсынуға; Қазақстан Республикасының мәслихаттарындағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттар ұсынуға;

г) бұқаралық ақпараттың баспа құралдарын құруға;

д) баспа қызметін жүзеге асыруға;

е) жинальстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер еткізуғе;

ж) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген шектерде шаруашылық серіктестіктер, мекемелер, қоғамдық қорлар құруға;

з) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## 2. Саяси партиялар:

а) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының талаптарын сактауға;

б) әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мұddeлеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

в) оның тұрақты жұмыс істейтін органдың орналасқан жерінің өзгергені туралы және оның басшылары туралы деректерді мемлекеттік тіркеуге енгізілетін мәліметтер көлемінде тіркеуші органға хабарлап отыруға;

г) қаржы органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген мерзім мен көлемде өзінің қаржылық қызметі туралы есеп беріп отыруға міндetti.

15-бап. Саяси партиялардың меншігі

Саяси партиялардың меншігінде, Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынған объектілерді қоспағанда, оның жарғысында көзделген қызметті материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер, сондай-ақ оның қаражаты есебінен құрылатын кәсіпорындар болуы мүмкін.

16-бап. Саяси партияларды қаржыландыру көздері және олардың

қаражатын пайдалану

1. Саяси партиялардың қаражат, егер бұларды төлеу жарғыларында көзделсе, мүшелікке кіру жарналары мен мүшелік жарналардан, Қазақстан Республикасы азаматтарының қоғамдық бірлестіктерінің және өзге де мемлекеттік емес ұйымдарының ерікті түрде жинаған қайырмалдықтарынан, жарғыларға сәйкес лекциялар, көрмелер, спорттық және өзге де шаралар, лотереялар өткізуден түсетін түсімдерден, кәсіпкерлік және баспа қызметінен алынатын табыстардан және заңдарда тыйым салынбаған басқа да түсімдерден құралады.

2. Саяси партиялардың діни бірлестіктерден қаражат немесе өзге де мүлік алуға құқығы жоқ.

3. Саяси партияларды шетелдің занды тұлғалары мен азаматтарының, шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, шетел қатысатын занды тұлғалардың қаржыландыруына жол берілмейді.

4. Саяси партияның ақша және өзге мүлкін оның мүшелері

арасында бөлуге болмайды және олар жарғылық мақсаттарға сәйкес жұмысалуға тиіс. Саяси партиялардың өз қаражатын қайырымдылық мақсаттарға пайдалануына жол беріледі.

5. Саяси партиялар мүшелерінің оның мүлкіне құқықтары жоқ және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал саяси партия өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

ЕСКЕРТУ. 16-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.  
N 154 Заңымен.

Z970154\_

4-тарау  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17-бап. Саяси партиялар туралы зандарды бұзғандық үшін жауапкершілік

Саяси партиялар туралы зандарды бұзғаны үшін осыған кінәлі занды және жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары және саяси партияның басшы органдарының құрамына кіретін адамдар жауапты болады.

18-бап. Саяси партиялардың халықаралық байланыстары  
Саяси партиялар "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан

Республикасы Заңына сәйкес халықаралық байланыстар жасай алады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК